



Газет  
2007 жылғы  
22 қарашадан  
шығады

gazeta\_eltilegi@mail.ru

# ЕЛ ТІЛЕГІ

№47 (799) Сәрсенбі 22 қараша 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

## ЕЛДІҢ СЕНИМІ – ҮЛКЕН ҚҰНДЫЛЫҚ

Exit poll-дың нәтижесі жарияланғаннан кейін Республикалық қоғамдық штаб мүшелерінің алдында сөйлеген сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев бүгін ерекше, тарихи науқан өткенін атап өтті.

«Бұл науқанның біздің тарихымызда қалатыны сөзсіз. Exit Poll-дың алдын ала нәтижесі шықты. Әрине, ресми қорытындыны күтеміз. Дегенмен қазірдің өзінде халқымыз маған Президент ретінде және баршаныңа үлкен сенім артты деп айтуға болады. Халықтың сенімі – бұл ең құнды нәрсе. Сондықтан халықтың сенімін бәріміз ақтауымыз керек. Бүгін, міне 21 қарашадан бастап бәріміз жұмысқа кірісуіміз қажет», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар мықты мемлекет құрамыз десек, ең алдымен, әділдік орнату қажет екенін, онсыз ешқандай да реформа болмайтынын айтты. Оның айтуынша, бәріміз бір ұлт, бір қоғам болып іске кірісуіміз қажет. Қасым-Жомарт Тоқаев өзіне үлкен сенім артқаны үшін коалицияға ризашылығын білдірді.

«Қоғамдық штабка, сенімді өкілдеріме, еріктілерге рақмет айтамын. Сіздер еліміздің



әр түкпіріне бардығыңдар. Ауыл-аймақтар, шалғай елді мекендер назардан тыс қалған жоқ. Ел арасында үгіт-насихат жүргізіңіздер. Бұл – үлкен жұмыс. Оны мен ешқашан ұмытпаймын. Сол себепті бүгінгі көрсеткіш – бәрімізге ортақ жеңіс», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Оның пікірінше, сайлау заңға сәйкес өтті. Қазақстан Республикасының Президентігіне үміткерлерге бірдей мүмкіндік берілді.

«Олар аймақтарды емін-

еркін аралады. Сайлаушылармен кездесіп, үгіт-насихат жүргізді. Яғни, ешкімге шектеу қойылған жоқ. Әрбір сайлаушыға өз таңдауын жасауына еркіндік берілді. Сондықтан бұл науқан ерекше әділ, ашық өтті», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент сайлауы жана саяси дәуірге жол ашатынын айтып, алдағы уақытта басты билік институттары түгел жаңғыртылатынын жеткізді.

«Конституциялық реформаны

«Ел тілегі» ақпарат

## КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА ЖАҢА ПӘТЕРДІҢ КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ



Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев ел ағаларымен бірге жағалау аймағының іргесі көтерілген 40 пәтерлі жаңа арендалық көпқабатты тұрғын үйді тарту етіп, көпбалалы отбасыларды қоныс тойымен құттықтады.

- Туған жеріміз Қызылорда қаласы соңғы уақытта қарқынды құрылыс аймағына айналды. Зәулім ғимараттар бой түзеп, жаңа ықшам аудандар салынып, шаһардың сәулеттік келбеті көркейе түсті. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сыр еліне қолдауы негізінде облыс орталығында қала көркін еселеп, ажарын аша түсетін бірнеше зәулім ғимараттың іргетасы қаланып, жаңа әлеуметтік нысан салу бастамасы сәтті түрде жүзеге асуда. Нәтижесінде облыс орталығы соңғы уақытта қарқынды құрылыс аймағына айналды.

Бүгін салтанатты түрде сол жағалау аймағының іргесі көтерілген жаңа арендалық көпқабатты тұрғын үйді жерлестерімізге тарту ету үшін жиналды.

Шаһарқатарыңызға шаттық орнап, әр жанұяға жақсылық, ынтымақ пен бірлік, амандық тілеймін,-деді өңір басшысы

«Ел тілегі» ақпарат

## ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТТАРЫ

Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына қайта сайлануына байланысты Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің құттықтау жеделхаты келіп түсті.

«Сіз отандастарыңыздың зор сеніміне ие болдыңыз. Бұл сенім мандаты мемлекетті дамытуға бағытталған Сіздің бастамаларыңызды жүзеге асыруға жаңа мүмкіндіктер береді. Елдеріміз арасындағы дәстүрлі достыққа, тату көршілік қарым-қатынасқа және өзара құрметке негізделген стратегиялық серіктестік пен одақтастық табысты дамып келеді. Ынтымақтастығымызды одан әрі бірге ілгерілеті береміз», – деп жазылған жеделхатта.

\*\*\*  
Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына қайта сайлануына байланысты Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің құттықтау жеделхаты келіп түсті.

«Сайлаудағы айқын жеңісіңіз Қазақстан халқының Сізге деген сенімін және Өзіңізді толық қолдайтынын білдіреді. Сіздің басшылығыңызбен еліңізді реформалауға бағытталған барлық бастамаңыз табысты болатынына және Жаңа Қазақстанды құру ісі ілгерілетініне сенімдімін. Қытай мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ерекше мән беремін және дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл тоғған уақытта сіздермен бірге мәңгі әрі жан-жақты стратегиялық серіктестіктің жаңа кезеңіне қадам басуға дайынмын», – деп жазылған жеделхатта.

\*\*\*  
Мемлекет басшысы Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен телефон арқылы сөйлесті. Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев Қасым-Жомарт Тоқаевты кезектен тыс Президент сайлауындағы айқын жеңісімен құттықтады.

Өз кезегінде Қасым-Жомарт Тоқаев Бакуге ресми сапары кезінде қол жеткізген уағдаластықтар екіжақты қарым-қатынасты жанжақты нығайтуда басты бағдар болатынын атап өтті. Мемлекеттер басшылары сондай-ақ қазақ-әзербайжан стратегиялық серіктестігін одан әрі дамыту жөніндегі бірлескен міндеттерді талқылады.

\*\*\*  
Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті. Режеп Тайип Ердоған Қасым-Жомарт Тоқаевты кезектен тыс Президент сайлауындағы айқын жеңісімен құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президентінің құттықтауы мен ізгі тілектері үшін шынайы алғысын білдіріп, бұған дейін қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтардың маңызды екенін атап өтті. Тараптар бауырлас елдердің ортақ мүддесіне сай келетін тың бастамаларды жүзеге асыруға дайын екенін жеткізді.

\*\*\*  
Қасым-Жомарт Тоқаев Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенкомен телефон арқылы сөйлесті. Беларусь Президенті Александр Лукашенко Қасым-Жомарт Тоқаевты кезектен тыс Президент сайлауындағы айқын жеңісімен құттықтады.

Мемлекеттер басшылары Қазақстан мен Беларусь арасындағы ынтымақтастықтың, стратегиялық серіктестік пен одақтастықтың қазіргі жағдайы мен одан әрі нығайту перспективаларын талқылады. Сонымен қатар тараптар халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

\*\*\*  
Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровпен телефон арқылы сөйлесті. Садыр Жапаров Қасым-Жомарт Тоқаевты Президент сайлауындағы сенімді жеңісімен құттықтап, жоғары мемлекеттік қызметіне табыс тіледі.

Мемлекет басшысы құттықтағаны үшін Садыр Жапаровқа ризашылығын білдіріп, Қырғызстанмен арадағы көпжақты қарым-қатынасты одан әрі нығайта беретініне ниетті екенін жеткізді. Әңгімелесу барысында тараптар қазақ-қырғыз стратегиялық серіктестігі мен одақтастығы қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

\*\*\*  
Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті. Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Республикасының кезектен тыс Президент сайлауындағы айқын жеңісімен құттықтады.

Мемлекет басшысы бүгінде екі ел арасындағы қарым-қатынас қарқынды дамып келе жатқанын және стратегиялық серіктестік деңгейіне толық сай келетінін атап өтті. Президенттер қазақ-өзбек стратегиялық серіктестігі мен одақтастығының қазіргі жағдайын және даму перспективаларын талқылады. Сондай-ақ алдағы кездесулердің кестесін қарастырды.

\*\*\*  
Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмонмен телефон арқылы сөйлесті. Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Республикасының кезектен тыс Президент сайлауындағы айқын жеңісімен құттықтады.

Мемлекеттер басшылары келесі жылдың басында екі елдің арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағанына 30 жыл толатынын атап өтті. Тараптар Қазақстан мен Тәжікстан халықтарының игілігі жолында ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға дайын екенін жеткізді. Сонымен қатар президенттер халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде күрделі жөндеу жұмысын саралап, аймақтық гарнизондағы жеке құраммен кездесті.

## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ ЕЛМЕН БІРГЕ 15 ЖЫЛ!

2007 жылдың 22 қарашасында «Ел тілегі» газеті қарапайым адамның күнделікті тірліктегі кішкентай мүддесінен бастап, қоғамның қажеттілігін жазатын, елдің ертеңі жайлы ой салатын басылым болып жарыққа шыққан болатын.

Газет құрылтайшысы болған Егіншібаев Қаршыға Күзенбайұлы қаламы қарымды журналист Жалғасбек Амановты газеттің бас редакторы етіп, редакция құрамын тілге бай, көзі қырағы тілшілермен бекітті.

«Ел тілегінің» алағашқы санында ел-ағалары Қуанышқали Шапианов, Ибадулла Құттықожаяев, Бауыржан Омаров өздерінің ізгі тілектеріні білдірсе, Қазақстан Журналистер одағының екі мәрте лауреаты Шәкізат Дармағанбетұлы көлемді новелласын оқырмандарға тарту етті.

Әбілбай Садықбаев, Данияр Сұлтанбеков, Рысбай Кәрімов сынды ағаларымыз ақылдастар алқасы ретінде ақыл-кеңестерін беріп, газеттің саналы шығуына атсалысып отырады.

Бүгінде 15 жыл толып отырған республикалық басылымның тілшілері ақпараттық-танымдық дүниелермен қатар әлеуметтік өмір, өткен тарих, бүгінгі болмыс, ұлттың үш тірегі – тілі, ділі, діні, сонымен қатар мәдениет пен әдебиет, дәстүр сабақтастығы, ауыл өмірі, өндіріс пен кәсіпкерлік және де өзекті мәселелерін назарларынан тыс қалдырған емес.

Газет шығару оңай жұмыс емес, әрі бұл бірнеше адамның күшін қажет етеді. Материалдардың мазмұны мен суреті, орналасу тәртібі, безендірілуі бар, таралымы тағы бар. Біздің газеттің қызметкерлері бұл істерді белсенділікпен орындап жүр. Оған қалың оқырман да куә. Газет қызметкерлері апта бойы қарбаласып, қызу жұмыс жасайды. Әр қызметкердің өзіндік орны бар. Олардың барлығы газеттің саналы шығуына ат салысады. Қазыргі таңда басылым директоры Егіншібаева Анар Жақсыбекқызы бастаған ұжымда Аймағанбетова Гүлсім Ақжігітқызы, Абжанпарова Гулия Прмашқызы, Айтбаева Гүлнар Қалиқызы, Төлебаева Асыл Әбішқызы, Дәрменбаев Ержан Қуанышбайұлы, Әбдиева Зибаш Әлиқызы қызмет етуде.

Өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан басылымның 15 жылдығымен әріптестерімді құттықтаймын! «Ел тілегі» - елмен бірге!

Газеттің Бас редакторы  
Сыдықова Жанар Тұрдыбекқызы

ЖОБА

## Сырдария ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 26 тамыздағы № 183 «Сырдария ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 27-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы №264 «Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 50-1 тармағына сәйкес

### ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Сырдария ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы» Сырдария ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 26 тамыздағы № 183 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 7608 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін: көрсетілген қаулының тақырыбы жана редакцияда жазылсын:

«Сырдария ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы»;

1-тармақ жана редакцияда жазылсын:

« 1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Сырдария ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.»;

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының

қосымшасына сәйкес жана редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Сырдария ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сырдария ауданының  
әкімі

М.Ергешбаев

Сырдария ауданы әкімдігінің 2022 жылғы “ ” № \_\_\_\_\_ қаулысына қосымша

Сырдария ауданы әкімдігінің 2022 жылғы “26” тамыздағы № 183 қаулысына қосымша

## Сырдария ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Орналасу орны	Алатын алаңы (шаршы метр)	Қызмет саласы	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі	Жақын орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)
1	Теренөзек кенті Дүйсенбай Керейтбаев көшесінің бойында орналасқан жеке кәсіпкер Аймағанбетованың сауда ғимаратының алды жағы	50	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5 жыл	Дүйсенбай Керейтбаев көшесі № 4 үйі
2	Теренөзек кенті Амангелді Иманов көшесі мен Дінмұхамед Қонаев көшесінің қиылысында орналасқан «Ақжол» тойханасының алды жағы	50	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5 жыл	«Ақжол» тойханасы
3	Теренөзек кенті Амангелді Иманов көшесінің бойында орналасқан «Серікбол» сауда үйінің қарсы беті	50	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5 жыл	«Серікбол» дүкені
4	Асқар Тоқмағанбетов ауылдық округі Асқар Тоқмағанбетов көшесінің бойында орналасқан «А.Тоқмағанбетов ЛПД» ЖШС-гі ғимаратының оң жағы	50	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5 жыл	«А.Тоқмағанбетов ЛПД» ЖШС-нің ғимараты
5	Сәкен Сейфуллин ауылдық округі Сарке Батыр көшесі мен Байтөң батыр көшесінің қиылысы	50	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5 жыл	Ауылдық ветеринарлық бекет
6	Жетікөл ауылдық округі Қожан Ата көшесі мен Абай Құнанбаев көшесінің қиылысы, аялдама мен орталық алаңның қарсы беті	50	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5 жыл	«Бек-Болат» дүкені
7	Айдарлы ауылдық округі Досбол Датқа көшесінің бойындағы аялдаманың сол жағы	50	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5 жыл	Сырдария аудандық білім бөлімінің «№ 139 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
8	Ақжарма ауылдық округі Садық-Ахун көшесі мен Байжан Арыстанов көшесінің қиылысындағы ашық алаң	100	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5 жыл	«Ақжарма-2» шаруа қожалығының ғимараты
9	Амангелді ауылдық округі Абдулла Ағайдаров көшесінің бойындағы ауылдық мәдениет үйінің сол жағы	50	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5 жыл	Амангелді ауылдық мәдениет үйі
10	Бесарық ауылдық округі Мұхтар Әуезов көшесінің бойындағы демалыс алаңының алды жағы	50	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5 жыл	Бесарық ауылдық мәдениет үйі
11	Інқардария ауылдық округі Қасым Сейдахметов көшесінің бойындағы № 12 үйдің артқы сол жағы	50	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5 жыл	Қасым Сейдахметов көшесінің бойындағы № 12 үй
12	Қоғалықөл ауылдық округі Сабира Майханова көшесі мен Мұхтар Әуезов көшесінің қиылысы	50	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5 жыл	«Жамбыл-2030» ЖШС-нің ғимараты
13	Қоғалықөл ауылдық округі Сабира Майханова көшесі мен Ыбырай Алтынсарин көшесінің қиылысы	50	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5 жыл	Ыбырай Алтынсарин көшесі № 29 үйі
14	Қалжан ахун ауылдық округі Есет би көшесінің бойындағы «ҚазПочта» АҚ-ның оң жағы	50	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5 жыл	Мұхтар Әуезов көшесі № 2/1 үйі
15	Нағи Ильясов ауылдық округі Нағи Ильясов көшесінің бойындағы спорт кешенінің алдындағы автоұтрақ	150	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5 жыл	Нағи Ильясов көшесінің бойындағы спорт кешені
16	Шаған ауылдық округі Есет би көшесінің бойындағы «ҚазПочта» АҚ-ның оң жағы	50	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5 жыл	Есет би көшесінің бойындағы «ҚазПочта» АҚ-ның ғимараты
17	Шіркейлі ауылдық округі Жылқыбай Қуттыбаев көшесінің бойындағы орталық алаңның артқы жағы	50	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	5 жыл	«Мәді қажы» ЖШС-нің ғимараты

ПРОЕКТ

## О внесении изменений в постановление Сырдарьинского районного акимата от 26 августа 2020 года №183 «Об утверждении мест размещения нестационарных торговых объектов на территории Сырдарьинского района»

В соответствии с подпунктом 4-2) пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», с **пунктом 2** статьи 27 Закона Республики Казахстан «О регулировании торговой деятельности», **пунктом 50-1** Правил внутренней торговли, утвержденных приказом исполняющего обязанности Министра национальной экономики Республики Казахстан от 27 марта 2015 года № 264 «Об утверждении Правил внутренней торговли» **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. «Об утверждении мест размещения нестационарных торговых объектов на территории Сырдарьинского района» Сырдарьинского районного акимата от 26 августа 2020 года №183 (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №7608) внести следующие изменения:  
заголовок изложить в новой редакции:  
«Об определении и утверждении мест размещения нестационарных торговых объектов на территории

Сырдарьинского района» пункт 1 изложить в новой редакции:

«1. Определить и утвердить места размещения нестационарных торговых объектов на территории Сырдарьинского района, согласно приложению к настоящему постановлению.»;

приложение к указанному постановлению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Контроль за исполнением настоящего

постановления возложить на курирующего заместителя акима Сырдарьинского района.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня первого официального опубликования.

Аким Сырдарьинского  
района

М.Ергешбаев

Приложение к постановлению акимата Сырдарьинского района от “ ” 2022 года № \_\_\_\_\_

Приложение к постановлению акимата Сырдарьинского района от “26” август 2020 года №183

## Места размещения нестационарных торговых объектов на территории Сырдарьинского района

№	Место расположение	Занимаемая площадь (квадратный метр)	Сфера деятельности	Период осуществления торговой деятельности	Близлежащая инфраструктура (торговые объекты, в которых реализуется схожий ассортимент товаров, а также объекты общественного)
1	Перед торговым зданием индивидуального предпринимателя Аймағанбетовы по улице Дүйсенбая Керейтбаева поселка Теренөзек	50	Продовольственные/ непродовольственные товары	5 лет	Улица Дүйсенбая Керейтбаева дом № 4
2	Перед тойханой «Ақжол», расположенной на пересечении улицы Амангелды Иманова и улицы Дінмұхамед Құнаева в поселке Теренөзек	50	Продовольственные/ непродовольственные товары	5 лет	Тойхана «Ақжол»
3	Напротив торгового дома «Серікбол» расположенного по улице Амангелды Иманова в поселке Теренөзек	50	Продовольственные/ непродовольственные товары	5 лет	Магазин «Серікбол»
4	Правая сторона здания ТОО «А.Тоқмағанбетова ЛПД» расположенного по улице Асқар Тоқмағанбетова сельского округа Асқар Тоқмағанбетова	50	Продовольственные/ непродовольственные товары	5 лет	Здание ТОО «А.Тоқмағанбетов ЛПД»
5	Пересечение улицы Сарке батыра и улицы Байтөң батыра сельского округа Сәкен Сейфуллин,	50	Продовольственные/ непродовольственные товары	5 лет	Сельский ветеринарный пункт
6	Пересечение улицы Қожан Ата и улицы Абая Құнанбаева, напротив остановки и центральной площади сельского округа Жетікөл	50	Продовольственные/ непродовольственные товары	5 лет	Магазин «Бек-Болат»
7	Левая сторона остановки по улице Досбол Датқа сельского округа Айдарлы	50	Продовольственные/ непродовольственные товары	5 лет	Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 139» Сырдарьинского районного отдела образования
8	Открытая площадка на пересечении улицы Садық-Ахун и улицы Байжана Арыстанова сельского округа Ақжарма	100	Продовольственные/ непродовольственные товары	5 лет	Здание крестьянского хозяйства «Ақжарма-2»
9	Левая сторона сельского Дома культуры по улице Абдулла Ағайдарова сельского округа Амангелды	50	Продовольственные/ непродовольственные товары	5 лет	Дом культуры села Амангелды
10	Перед площадкой отдыха по улице Мұхтара Ауэзова сельского округа Бесарық	50	Продовольственные/ непродовольственные товары	5 лет	Дом культуры села Бесарық
11	Левая сторона дома № 12 по улице Қасым Сейдахметова сельского округа Инқардария	50	Продовольственные/ непродовольственные товары	5 лет	Улица Қасым Сейдахметова дом № 12
12	Пересечение улицы Сабира Майханова и улицы Мұхтара Ауэзова сельского округа Қоғалықөл	50	Продовольственные/ непродовольственные товары	5 лет	Здание ТОО «Жамбыл-2030»
13	Пересечение улицы Сабира Майханова и улицы Ыбырай Алтынсарина сельского округа Қоғалықөл	50	Продовольственные/ непродовольственные товары	5 лет	Улица Ыбырай Алтынсарина дом № 29
14	Левая сторона торгового здания, расположенного на пересечении улицы Амангелды Иманова и улицы Мұхтара Ауэзова сельского округа Қалжан Ахун	50	Продовольственные/ непродовольственные товары	5 лет	Улица Мұхтара Ауэзова дом № 2/1
15	Автостоянка перед спортивным комплексом по улице Нағи Ильясова сельского округа Нағи Ильясова	150	Продовольственные/ непродовольственные товары	5 лет	Спортивный комплекс по улице Нағи Ильясова
16	Правая сторона АО «Қазпочта» по улице Есет би сельского округа Шаған	50	Продовольственные/ непродовольственные товары	5 лет	Здание АО «Қазпочта» по улице Есет би
17	Центральная площадь по улице Жылқыбай Қуттыбаева сельского округа Шіркейлі	50	Продовольственные/ непродовольственные товары	5 лет	Здание ТОО «Мәді-Қажы»











